

**Докторант Кайранбаева Назым Нургельдиевнаның
«8D02208 -Түркітану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған «Қисса-и Джанкнаме-и Рисале-и Шах-и
Мардан» қолжазбасының тілі» атты докторлық диссертациясына**

АҢДАТПА

Тақырыптың өзектілігі. Қазақ халқының ұлттық кодын сақтауда қолжазбаларды зерттеу өте өзекті. Осыған байланысты Қазақстан Республикасының «Мәдени мұра», «Архив – 2025», «Рухани жаңғыру», «Халық тарих толқынында» сынды бағдарламалары жасалды. Қазақстанның ұлттық кітапхана қорларында сақталған қисса жанрдағы қолжазба мұралар сол дәуірдің тілінен қазақ тіліне аудырылып, зерттеліп жатыр. Мысалы, мазмұны шығыс оқиғаларының желісіне құрылған «Қисса-и Тахир илән Зухра» (1876), «Қисса-и Зарқұм» (1877), «Қисса-и Салсал» (1879), «Қисса-и Жұм-жұма» (1881), «Қисса-и Анхэзрэт-и Рәсілнің мифражға қонақ болғаны» (1896), т.б. діни қиссалары сияқты көптеген фольклорлық мұралары бар. Соның бірі – «Қисса-и Джанкнаме-и Рисале-и Шах-и Мардан» жазба ескерткіші.

Қазақстан территориясында әдеби мұраларды тауып, құнды қолжазбаларды оқып, транслитерациясын жасау мәселесі түркітану ғылымы үшін де, халқымыз үшін де аса қажет. Осыған орай алынып отырған диссертация тақырыбының өзектілігі бірнеше аспектілерге байланысты туындайды:

1) діни жырларда қазақ халқының діни танымы сақталды. Осындай діни дастандарды зерттеу арқылы қазақ даласында Ислам діні таралуы, рухани ортаның қалыптасуы, сол кездегі «дәстүрлі дін» деген ұғымды айшықтау аса маңызды. Халық арасында кең тараған жырларды жаңа көзқараспен, жаңа тұрғыдан зерттеу қазіргі заман талабы. Осыған дейін бұл шығармалар Кеңес үкіметі кезінде жабық тақырып болып келді және жазба деректерді зерттеу сол дәуірдің тілін білетін мамандардың тапшы болуымен іске аспады.

2) «Қисса-и Джанкнаме» қолжазбасы – түркі халықтары үшін ортақ мұра. Түркі тілдес халықтардың басым бөлігі осы жырды бірнеше ғасырлар бойы жырлап келгені анық;

3) ортағасырдан бастап жырланған Қазақстан территориясында көшірілген «Қисса-и Джанкнаме» қолжазбасы – ортағасыр түркі жазба тілінде прозамен жазылған туынды. Оның жырмен жазылған нұсқалары халық арасында таралды.

Диссертациялық жұмыс Қазақстанда табылған «Қисса-и Джанкнаме-и Рисале-и Шах-и Мардан» қолжазбасы қыпшақ нұсқасы ретінде алғаш рет қарастырады. Қолымыздағы қыпшақ нұсқасының фонетикалық және грамматикалық, лексикалық ерекшеліктері қазақ тілінің тарихын және сол дәуірдің тілдік ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді.

Зерттеу жұмысының мақсаты – «Қисса-и Джанкнаме» қолжазбасының материалы негізінде ХХ ғасырға дейінгі Орта Азия территориясының тілдік

жағдайын зерттеу, яғни ортағасыр түркі тілінің фонетикалық, лексикалық, грамматикалық сипатын анықтау, ғылыми теориялық тұрғыдан талдау.

Қойылған мақсатқа жету үшін келесі **міндеттер** жүзеге асырылады:

– «Қисса-и Джанкнаме» қолжазбасының әртүрлі отандық және шетелдік сирек кітаптар қорларында және кітапхана мұрағаттарында сақталған нұсқаларын анықтау;

– «Қисса-и Джанкнаме» қолжазбасының палеографиялық және кодикологиялық ерекшеліктерін айқындау;

– «Қисса-и Джанкнаме» қолжазбасының орфографиялық-фонетикалық жүйесін анықтау;

– қолжазба тілінің морфологиялық, сөзжасамдық талдау жасау;

– қолжазба тіліндегі түркі сөздерінің функционалдық ерекшеліктері және семантикалық сипатын анықтау;

– қолжазбаның лексикасындағы араб және парсы сөздерін тақырыптық топтарға жіктеу және үлес салмағын көрсету.

Зерттеу әдістері мен тәсілдері. Диссертацияда қазіргі түркітануда қалыптасқан негізгі принциптер мен әдіс-тәсілдер қолданылды. Диссертацияда деректанулық, палеографиялық, кодикологиялық талдау; лексика-семантикалық, графо-фонетикалық және грамматикалық талдаулар; транслитерациялау, сипаттамалық, салыстырмалы-тарихи, статистикалық талдау, лингвостатистиканың жаппай бақылау әдістері мен топтау, жинақтау, жіктеу тәсілдері кешенді түрде қолданылды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

1. «Қисса-и Джанкнаме» қолжазбасының басқа нұсқалары қарастырылып, Қазақстандық қолжазбаны қыпшақ қолжазбасы ретінде тану ұсынылды;

2. «Қисса-и Джанкнаме» қолжазбасына палеографиялық және кодикологиялық зерттеулер жүргізіліп, оның жазылу орны, көшірушілер мен қолданушылар ортасы анықталды;

3. қолжазба тіліне жан-жақты орфографиялық, фонетикалық, морфологиялық талдау жасалды;

4. қолжазба тіліндегі түркі сөздерінің функционалдық және семантикалық сипаты анықталып, оғыз және қыпшақ тілдік элементтерінің ерекшеліктері көрсетілді;

5. қолжазба тілінде кездесетін араб және парсы сөздері қолданыс салалары бойынша тақырыптық топтарға талданып, статистикалық зерттеу жүргізілді;

6. қолжазба мәтінінің транслитерациясы жасалды;

7. қолжазба тілінде кездесетін түркі сөздерінің әліпбилі-жиілік сөздігі құрастырылып, қолдану жиілігі анықталды.

Зерттеу жұмысының теориялық және практикалық маңызы. Диссертацияда қолжазбаны зерттеуде, талдауда қолданылған теориялық

тұжырымдар тіл тарихы, тарихи грамматика, тарихи лексикология, түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасын зерттеу ісіне өзіндік үлесін қоса алады. Осы жазба ескерткіштің тілі мен қазіргі қазақ тілінің арақатынасын анықтаудың түркітанушылар үшін теориялық та, практикалық та мәні бар. Фонетикалық және морфологиялық ерекшеліктерге қатысты пайымдаулар салыстырмалы грамматика, лексикография салаларын дамытуға септігін тигізсе, лексикалық топтарға жасалған талдауды пәнаралық кешенді ғылымдарда қолдануға болады.

Зерттеу жұмысында алынған нәтижелер мен ғылыми тұжырымдарды жоғары оқу орындарындағы «Түркі тілдерінің тарихы», «Қазақ тілінің тарихы», «Түркі тілдерінің тарихи грамматикасы», «Шағатай тіліне кіріспе», «Деректану негіздері» сияқты пәндерімен қатар, салыстырмалы-тарихи лексикология, түркітанудың теориялық және практикалық негіздерін оқытуда, шағатай тілінің сөздігін құрастыруда қолдануға болады. Жоғары оқу орындарындағы шығыстану, филология, түркітану, тарих және дін бойынша дәрістерде пайдалануға болады.

Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар. Зерттеу барысында алынған нәтижелерге сүйене отырып, қорғауға төмендегідей тұжырымдар ұсынылды:

1) «Қисса-и Джанкнаме» шығармасы – түркі халықтарының ортақ мұрасы, Қазақстанда табылған қыпшақ нұсқасы ретінде танылады;

2) «Қисса-и Джанкнаме» шығармасы – Хз. Әли туралы орта ғасырда жырланған «Салсал» («Қисса-и Салсал», «Салсал-наме») жырының прозалық жанрдағы үлгісі;

3) «Қисса-и Джанкнаме» қолжазбасы – Қоқан хандығында Оңтүстік Қазақстан территориясында көшірілген қолжазба;

4) Қолжазбадағы «Қисса-и Джанкнаме» шығармасы – қазақ тілі тарихында «кітаби тіл» деп қарастырылатын ортағасырлық түркі жазба тілінде жазылған әдеби ескерткіш;

5) «Қисса-и Джанкнаме» қолжазбасы – діни қисса жанрындағы түркі әдеби тілінің даму кезеңін анықтайтын жазба дерек;

6) «Қисса-и Джанкнаме» қолжазбасы оғыз және қыпшақ тілдерінің элементтерін өзіне жиған, сол дәуірдегі түркі тілдерінің сабақтастығын көрсететін лингвомәдени дерек.

Зерттеу жұмысының ғылымның даму бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі. Зерттеу жұмысы «Рухани жаңғыру» бағдарламасының ғылыми негіздеріне (гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер) сәйкес әзірленді.

Докторанттың әр басылымды дайындауға қосқан үлесі. Зерттеу жұмысының негізгі тұжырымдары мен ғылыми теориялық және практикалық нәтижелері бойынша ғылыми-тәжірибелік конференцияларда 8 мақала жарияланды. Соның ішінде, ҚР БҒМ Білім және Ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда (ККСОН) 3 мақала жарық көрді:

1. Шағатай тілінде сөздіктерінің зерттеулеріне шолу. // ҚазҰУ Хабаршысы, «Шығыстану» сериясы, №4 (91) 2019. 61-67 б.

2. Хазірет Әли дастандарының Қазақстандағы нұсқалары. // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы, «Филология» сериясы, №4 (74) 2020. 237-243 б.

3. Analysis of anthroponyms in the manuscript «Qissa-yi Djenkname-yi Risale-yi Shah-i Merdan» // Bulletin of al-Farabi KazNU, Oriental Studies Series. No.2 (101) 2022. – p.52-62.

Сондай-ақ, халықаралық Scopus деректер қорында индекстелген «Türk kültürü ve Hacı Bektaş Veli» ғылыми зерттеу журналында 1 мақала жарияланды:

1. Kazak Sözlü Geleneğinde Hz. Ali Cenknâmeleri // Türk Kültürü ve Hacı Bektaş Velî Araştırma Dergisi /101 (2022): p. 169-186. DOI: 10.34189/hbv.101.007 (квартиль – Q-2, процентиль – 42). Индекс.: Scopus Arts & Humanities.

<https://hbvdergisi.hacibayram.edu.tr/index.php/TKHBVD/article/view/3019>